



**«Chevron Direct Investment Fund Ltd.» жеке компаниясы ферроқорытпа өндіретін зауыт салу бойынша «Mineral Product International» ЖШС-мен инвестициялық келісім жасалғанын мәлімдейді**

**Алматы, Қазақстан, 10 ақпан 2026 жыл**– «Chevron Direct Investment Fund Ltd.» («CDIF» ЖК) жеке компаниясы Павлодар облысында ферроқорытпа өндіретін зауыт салу мақсатында қазақстандық «Mineral Product International» ЖШС-мен («MPI») жалпы сомасы **23,5 миллион АҚШ доллары** болатын инвестициялық келісім жасалғаны туралы хабарлайды.

Зауыт құрылысы жобасы **500-ден астам жұмыс орнын құруды және жылына шамамен 80 000 тонна FeSi-75 маркалы ферросилицийді өндіруді** көздейді. Жоба Павлодар облысы мен жалпы Қазақстан өнеркәсібін дамытуға елеулі экономикалық және әлеуметтік үлес қосуды қарастыратын орнықты әрі перспективалы бизнес-жоспарды алдыға тартады.

*«MPI компаниясы үшін бұл – біздің қуатты өндірістік мүмкіндіктерді қалыптастыруға және заманауи технологияларды енгізуге деген ұмтылысымызды толықтай көрсететін стратегиялық маңызды жоба. «CDIF» ЖК-мен бірлескен жұмыс жобаны жоғары деңгейде іске асыруға және өңір мен сала үшін дамудағы жаңа серпін қалыптастыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз»,* – деп атап өтті «Mineral Product International» ЖШС акционері, кәсіпкер Сергей Кан.

Жоба «CDIF» ЖК-нің іріктеу критерийлеріне толық сәйкес келеді және өңірлік экономиканы әртараптандыру үшін стратегиялық әлеуетке ие болып табылады. Белгілі болғандай, «CDIF» ЖК-нің негізгі мақсаты – өнеркәсіптік өндірістен бастап экологиялық бастамалар мен энергетика секторымен байланысты сервистік қызметтерге дейінгі түрлі салалардағы коммерциялық тұрғыдан тұғырлы және перспективалық кәсіпорындарға инвестиция салу арқылы Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне жәрдемдесу.

*«Шеврон компаниясы Қазақстан Республикасымен 30 жылдан астам уақытты қамтитын ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынасын аса жоғары деңгейде бағалайды. Біз ел экономикасының дамуына өз үлесімізді қосуды жалғастыра бермекпіз, ал «MPI» жобасы қазақстандық өнеркәсіп пен жергілікті кәсіпорындарды қолдауда жаңа кезеңнің басталу нышаны болып табылады»,* – деді «Шеврон» компаниясы Еуразия бөлімшесінің вице-президенті Дилан Морган.

«CDIF» жеке компаниясы Қазақстандағы жергілікті өндірістер мен кәсіпорындарға тиімді инвестиция салу үшін жаңа мүмкіндіктерді қарастыруды жалғастыра отырып, экономиканың түрлі секторларындағы жергілікті кәсіпорындардың дамуына қолдау көрсетеді және әлеуетті серіктестерді осы табысқа жету тарихының бір бөлігі болуға шақырады.

Компания туралы толық ақпаратты, іріктеу критерийлерін, инвестициялық үдерістің сипаттамасын, сондай-ақ қаржыландыруға өтінім беру нысаны туралы ақпаратты «CDIF» ЖК-нің [www.cdif.kz](http://www.cdif.kz) ресми сайтынан табуға болады.

###

### **«Шеврон» компаниясы туралы**

**«Шеврон»** – дүниежүзіндегі жетекші интеграцияланған энергетикалық компаниялардың бірі. Біз адамзаттың ілгері дамуы үшін қолжетімді, сенімді әрі таза қуат көзі қажет деп санаймыз. «Шеврон» мұнай мен табиғи газ шығарады, жанар-жағармай және мұнай-химия өндірумен айналысады, бизнес пен өнеркәсіпті жетілдіретін технологияларды дамытады. Біздің мақсатымыз жаңғырмалы отын, көміртекті ұстап қалу мен оффсетті пайдалану, сутек өндірісі, ақпаратты өңдеу орталықтары үшін және жаңа технологияларды жетілдіру үшін қуат көзін өндіруде мұнай және газ саласындағы бизнесімізді өркендету, қызметіміздегі көміртек шығарындыларын азайту және жаңа бизнес бағыттарын дамыту болып табылады. «Шеврон» туралы қосымша ақпаратты [www.chevron.com](http://www.chevron.com) сайтынан табуға болады.

**«Chevron Direct Investment Fund Ltd.» ЖК** «Астана» халықаралық қаржылық орталығында (АХҚО) тіркелген жеке компания. Олар “Шеврон” компаниясы Қазақстандағы әртүрлі салалардағы, соның ішінде ақпараттық және цифрлық технологиялар, қоршаған ортаны қорғау, мұнай және газ саласындағы тауар өндіру және қызмет көрсету салаларындағы жергілікті кәсіпорындарға инвестиция салу арқылы Қазақстан экономикасын дамытуды қолдауды жоспарлауға көмектесетін құрал. Толығырақ ақпарат алу үшін [www.cdif.kz](http://www.cdif.kz) сайтын қараңыз.

**«Chevron Direct Investment Fund Ltd.» ЖК** – ұжымдық инвестиция салу Қоры болып табылмайды және оның АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің (Astana Financial Services Authority, AFSA) кез келген қаржылық қызметті жүргізуге тиісті лицензиясы жоқ.

### **Байланыс тұлғасы:**

Айнұр Сағынбайқызы, «Шеврон» компаниясы Еуразия бөлімшесінің БАҚ-пен байланыс жөніндегі аға кеңесшісі, [AinurSagi@chevron.com](mailto:AinurSagi@chevron.com)